

WF-4000

Медициналық электронды инфрақызыл
термометр

**1. КІРІСПЕ**

WF-4000 түйіспесіз инфрақызыл термометрін таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз. WF-4000 медициналық инфрақызыл термометрі дене температурасын, қоршаған ортаны және заттарды түйіспесіз өлшеуге арналған.

Қолдану саласы: инфрақызыл термометрлер жеке қолдануға арналған, сондай-ақ медициналық мекемелерде және үйде медициналық көмек көрсету қызметтерінде қолданыла алады. Термометрдің жұмыс принципі адам денесі немесе заттың беті шығаратын, инфрақызыл сәулеленуді, оны температура мәніне айналдыра отырып, өлшеуге негізделген.

Жанасусыз өлшеу — түйіспесіз термометрдің бірегей қасиеті!

Термометрдің мынадай артықшылықтары бар:

- 1. Біреуінде үш термометр** — адамның дене температурасын, қоршаған ауаның температурасын және заттар бетінің температурасын өлшеу.
- 2. Лезде өлшеу**
Инфрақызыл технологияның негізінде пайдаланушылар дәл дене температурасын бірден және дұрыс біле алады.
- 3. Жадтан 32 сақталған көрсеткішті шақыру**
Температураны өлшеудің соңғы 32 нәтижесін жадтан шақыру функциясы.
- 4. Өшіру мүмкіндігі бар дыбыстық сигналдар**
- 5. Адам денесінің температурасын өлшеу режиміндегі жоғары температура туралы дабыл.**
- 6. °C/°F ауыстыру функциясы** (Цельсий/Фаренгейт шкаласы)
- 7. Автоматты сөндіру**
Батареяларды үнемді пайдалану үшін аспап 10 секундтан артық пайдаланылмаса, автоматты түрде өшеді.
- 8. Ірі СК-дисплей**
Аспаптың үлкен СК-дисплейі бар, нәтижелер оңай оқылады.
- 9. Гигиена нормаларын сақтау**
Түйіспесіз медициналық термометр санитарлық нормаларды сақтау талаптарына сүйене отырып, температураны анықтау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Термометрді қашықтықта адамның маңдайына бағыттап, температураны өлшеңіз.
- 10. Пайдалану ыңғайлы және оңай**
Эргономикалық дизайн термометрді оңай және қарапайым пайдалануға мүмкіндік береді.

2. ЖОҒАРЫ ТЕМПЕРАТУРА

Жоғары температура — бұл ауру емес, белгі. Әдетте бұл ағзаның жұқпамен күресіп жатқандығының белгісі. Шындығында бұл дене температурасының 37 °C жоғары артуымен және жүрек соғу және тыныс алу жиілігінің артуымен сипатталатын ағзамыздың қорғаныс реакциясы. Ағзамыздың қалыпты температурасы оны тікішектік өлшесе шамамен 37,5 °C тең, ауыз температурасы шамамен 0,5 °C (37 °C) төмен, ал қолтық тұсындағы температура шамамен 1 °C (36,5 °C) төмен болады.

Сондықтан температураны барынша тиімді тәсілмен дұрыс өлшеу және дене температурасы жоғары болуы мүмкін сәттерде (жүрген кезде, тамақ ішкеннен кейін) өлшемеу өте маңызды.

Сау адамның температурасына мынадай факторлар әсер етеді:

- Зат алмасудың жеке ерекшеліктері
- Жасы (нәрестелер мен жас балаларда дене температурасы жоғары, жасына қарай төмендейді; балаларда температураның едәуір ауытқуы тезірек және жиі кездеседі)
- Киім
- Қоршаған ортаның температурасы
- Күн уақыты (таңертең дене температурасы төмен, ал кешке



- қарай ол жоғарылайды)
 - Алдыңғы физикалық жүктеме Өлшеу әдісі
 - Етеккір циклінің фазасы
 - Маңдай аймағында тері бөлінуінің немесе тердің болуы (маңдайда өлшеу кезінде)
- ① Есіңізде болсын, термометр температура өлшенетін үй-жайда кем дегенде жарты сағат болуы керек, әйтпесе өлшеу нәтижесі дәл болмауы мүмкін.

ӨЛШЕУ ТӘСІЛІ	ТЕМПЕРАТУРАЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТЫ МӘНІ
Аксиларлы	35,2 - 36,7°C
Ауыз арқылы	35,7 - 37,3°C
Тікішектік	36,2 - 37,7°C

① Маңдайды инфрақызыл термометрмен өлшеу режимінде көрсетілетін температураның барлық мәндері шамамен электрондық термометрдің көмегімен ауыз арқылы өлшеген кездегідей болып табылады.

3. ҚОЛДАНАР АЛДЫНДА МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

Бұл құрылғыны пайдалану кезінде келтірілген барлық нұсқауларды орындауды сұраймыз. Егер сіз мынадай ережелерді сақтамасаңыз, бұл денсаулыққа зиян келтіруі немесе өлшеу дәлдігіне әсер етуі мүмкін.

- Өлшеу алдында емделушілер мен термометр кемінде кемінде 30 минут бойы тұрақты бөлме температурасында болуы тиіс.**
- Дене жаттығуларынан, шомылудан немесе ашық ауада болғаннан кейін температураны 30 минуттан ерте өлшемеңіз.
- Маңдайдың беті таза және тер, косметика, крем және т.б. іздері жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Қажет болса, маңдайыңызды тазартып, өлшеу алдында бірнеше минут күтіңіз.
- Саусақтарыңыздың өлшеу датчигімен тікелей жанасуынан аулақ болыңыз.
- Адам денесінің температурасы үнемі өзгеріп отырады және әртүрлі факторларға байланысты.
- Термометрді тек мақсатына сай қолданыңыз.
- Кез-келген жағдайда температураны өлшеу нәтижесі ТЕК ақпарат үшін қолданылады. Қандай да бір медициналық шаралар қолданбас бұрын өз дәрігеріңізбен кеңесіңіз.
- Қоршаған ортаны қорғау үшін пайдаланылған батареяларды ұлттық немесе жергілікті қаулыларға сәйкес кәдеге жаратыңыз.

①ҚАРСЫ КӨРСЕТІЛІМДЕР: анықталмаған

①САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ:

Термометр тек ересектердің бақылауымен қолданылуы тиіс. Аспапты өзіңіз жөндемеңіз және аспаптың құрылымына өзгерістер енгізбеңіз. Аспапты, батареяларды ауыстыруды есептемегенде, бөлшектемеңіз.


Термометр құрылымына қандай да бір өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

Термометрді өте жоғары температураны (маңдай температурасын өлшеу режимінде 42°C-тан жоғары, заттың температурасын өлшеу режимінде 110°C-тан жоғары) өлшеуге, өте жоғары ылғалдылықта (85% - дан жоғары) немесе тікелей күн түсуі жағдайында өлшеу үшін пайдаланбаңыз. Аспапты ылғалды жерлерде, жоғары температурада, тікелей күн түсуі жағдайында сақтаудан аулақ болыңыз.


Құрылғыны қатты сілкіністерден немесе құлаудан сақтаңыз.

Термометрді тек белгіленген мақсатта ғана пайдаланыңыз.

4. АСПАПТЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ИНДИКАЦИЯЛАУ ЭЛЕМЕНТТЕРІ




1.1 -сур.



1.2-сур.

Батырмалар	Сипаттама	
Режимді ауыстырып-қосқыш	Адам денесі мен объект арасында өлшеу режимін ауыстыру	
«Мәзір/Жад» батырмасы	Мәзір	Батырманы ұстап тұрған кезде мәзірді іске қосады және баптауларды сақтайды
	Жад	Соңғы 32 өлшемде жадты қарау
«Алға» батырмасы	Жадты қарау кезінде: мәндерді алға жылжытады Баптау кезінде: параметрді ауыстырады немесе мәнді арттырады	
«Артқа» батырмасы	Жадты қарау кезінде: мәндерді артқа жылжытады Баптау кезінде: параметрді ауыстырады немесе мәнді азайтады	

5. СҒЫЙҚ КРИСТАЛДЫ ДИСПЛЕЙДІҢ СИПАТТАМАСЫ



2-сур.


6. БАТАРЕЯЛАРДЫ ОРНАТУ ЖӘНЕ АУЫСТЫРУ

Батареялардың разрядталғаны туралы ескерту

Экранда батареялардың  таңбасы пайда болғанда, олар жақында ауыстыруды қажет етеді. Дисплейде батареяның  белгісі жыпылықтаған кезде, олар келесі өлшеудің алдында ауыстыруды қажет етеді.

Батареяларды ауыстыру:

1. Батарея қапқағын ақырын сырғытыңыз. (3-сур.).
2. Ескі батареяларды абайлап алыңыз және оларды дұрыс кәдеге жаратыңыз.
3. Полярлықты ескере отырып, жаңа батареяларды (1,5 В АА түріндегі екі батарея) салыңыз.
4. Батарея бөлігінің қапқағын қайтадан жабыңыз.



3-сур.

❗ ЕСКЕРТПЕ:


Батареяларды кішкентай балалардың қолы жетпейтін жерде және жылу көздерінен алыс жерде сақтаңыз.

Егер аспап ұзақ уақыт пайдаланылмайтын болса, батареяларды шығарып қою ұсынылады.


7. ТЕМПЕРАТУРАНЫ ӨЛШЕУ

7.1 Адам денесінің температурасын өлшеу:

1. Термометрді қосу үшін «Қосу/Өлшеу» батырмасына басыңыз.
2. Аспап алдымен экранның барлық элементтерін көрсете отырып, автоматты тестілеуді орындауға ауысады, содан кейін ол жұмысқа дайын екенін көрсетеді (4.1-сурет).
3. Суретте көрсетілгендей, аспап адам денесі «Body temp» режимінде екенін тексеріңіз. Қажет болған жағдайда режимді ауыстырыңыз.
4. Термометрдің алдыңғы бөлігін адамның маңдайына бағыттаңыз. Термометрді маңдайыңыздан шамамен 5-8 см қашықтықта ұстаңыз (4.4-сур.). «Қосу/Өлшеу» батырмасын басыңыз да босатыңыз. Сіз өлшеу жасалғанын білдіретін қысқа дыбыстық сигналды естисіз. Өлшенген температура экранда көрсетіледі (4.2-сур.). Егер Сіздің температураңыз 37,5 °C-тан асса, онда Сіз температураңыздың жоғарылағанын білдіретін үш дыбыстық сигналды естисіз.
5. Өлшеуден кейін, егер термометр 10 секунд ішінде қолданылмаса, ол OFF (яғни өшірілген) (4.3-сур.) көрсетеді, дыбыстық сигнал береді және автоматты түрде өшеді.




4.1-сур.



4.2-сур.

OFF


4.3-сур.



4.4-сур.

7.2 Су, ауа және заттар бетінің температурасын өлшеу:

1. Термометрді қосу үшін «Қосу/Өлшеу» батырмасына басыңыз.
2. Аспап алдымен экранның барлық элементтерін көрсете отырып, автоматты тестілеуді орындауға ауысады, содан кейін ол жұмысқа дайын екенін көрсетеді (5.1-сурет).
3. Суретте көрсетілгендей, аспап зат «Object temp» режимінде екенін тексеріңіз. Қажет болған жағдайда режимді ауыстырыңыз.
4. Термометр датчигінің алдыңғы жағын кеңістіктегі нүктеге, судың немесе заттың бетіне бағыттаңыз. Термометрді объектіден шамамен 5-8 см қашықтыққа жақындатыңыз (5.4-сур.). «Қосу/Өлшеу» батырмасын басыңыз да босатыңыз. Сіз өлшеу жасалғанын білдіретін қысқа дыбыстық сигналды естисіз. Өлшенген температура экранда көрсетіледі (5.2-сур.).
5. Өлшеуден кейін, егер термометр 10 секунд ішінде қолданылмаса, ол OFF (яғни өшірілген) (5.3-сур.) көрсетеді, дыбыстық сигнал береді және автоматты түрде өшеді.



5.1-сур.



5.2-сур.

OFF

5.3-сур.


5.4-сур.

8. БАПТАУЛАР ФУНКЦИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ:


Баптаулар мәзірін іске қосу арқылы пайдаланушылар белгілі бір функцияларды (F1/ F2/F3 /F4) таңдап, оларды өз қалауы бойынша баптай алады.

8.1 Адам денесі мен затты өлшеу режимі арасында ауысу:

1. Термометрді қосу үшін «Қосу/Өлшеу» батырмасын басыңыз.
2. Аспап алдымен экранның барлық элементтерін көрсете отырып, автоматты тестілеуді орындауға ауысады, содан кейін ол жұмысқа дайын екенін көрсетеді (6.1-сурет).
3. Термометр қосылған кезде ағымдағы өлшеу режимі көрсетіледі. Егер өлшеу режимін өзгерту қажет болса, «Режимді ауыстырып-қосқыш» батырмасы арқылы адам денесі режиміне (Body temp) немесе зат режиміне (Object temp) ауысыңыз. (6.2-сур.)



6.1-сур.




6.2-сур.

8.2 Цельсий мен Фаренгейт шкалалары арасында ауысу: F-1

1. Баптаулар мәзірін іске қосу үшін «Мәзір/Жад» батырмасын басып ұстап тұрыңыз.
2. Экранда F-1 баптауы көрсетіледі.
3. Фаренгейт өлшеу шкаласын таңдау үшін «+» басыңыз (экранда °F таңбасы жыпылықтайды) немесе Цельсий өлшеу шкаласын таңдау үшін «-» басыңыз (экранда °C таңбасы)


жыпылықтайды) (7-сур.).



7-сур.

8.3 Дыбыстық сигналды баптау: F-2

1. F-2 баптауын көрсету үшін F-1 баптауын орнатқаннан кейін “Мәзір/Жад” батырмасын тағы бір рет басыңыз. Әдепкі дыбыстық сигнал «OPEN» (яғни қосылған) ретінде орнатылған.
2. Дыбыстық сигналды қосу үшін «+» басыңыз, дисплейде «OPEN» көрсетіледі (яғни қосылған). Дыбыстық сигналды өшіру үшін «-» басыңыз және дисплейде «CLOS» (яғни өшірілген) көрсетіледі (8-сур.).




8-сур.

8.4 Жоғары температура туралы сигналды баптау: F-3

≥37,5 °C өлшеу нәтижесінде термометр 3 дыбыстық сигнал шығарады. Әдепкі бойынша 37,5 °C температурасы қойылған. Сіз бұл температура мәнін баптауды қолдана отырып өзгерте аласыз:

1. F-3 баптауын көрсету үшін F-2 баптауынан кейін “Мәзір/Жад” батырмасын тағы бір рет басыңыз. Әдепкі бойынша температура мәні 37,5 °C көрсетіледі. (9-сур.)
2. Жоғары температура мәнін арттыру немесе азайту үшін «+» немесе «-» басыңыз. Мән 0,1 °C қадаммен артады немесе азаяды.




9-сур.

8.5 Ауытқу мәнін орнату: F-4

Кейбір адамдар дене температурасын өлшеу кезінде жеке ерекшеліктерге ие. Мысалы, егер маңдайдағы температураны өлшеу температураны ауыз арқылы өлшеуден айтарлықтай өзгеше болса, онда ауытқу мәнін орнатуды қолдануға болады.


1. F-4 баптауын көрсету үшін F-3 баптауынан кейін “Мәзір/Жад” батырмасын тағы бір рет басыңыз. Әдепкі ауытқу мәні 0,8 °C құрайды (10-сур.).
2. Ауытқу мәнін арттыру немесе азайту үшін «+» немесе «-» басыңыз. Мән 0,1 °C қадаммен артады немесе азаяды.



10-сур.

8.6 Мәндерді сақтау мен шығыс (автоматты түрде өшіру):

1. Баптауларды сақтау үшін F-4 баптағаннан кейін «Мәзір/Жад» батырмасын тағы бір рет басыңыз, дисплейде «SAVE» сөзі пайда болады (яғни сақтау).
2. Барлық баптаулар сақталады және термометр автоматты түрде өшеді (11-сур.).



11-сур.

❗**ЕСКЕРТПЕ:** Баптау процедурасы кезінде термометр өшіп қалса, жаңа баптаулар сақталмайды. Баптаулар мәзірін белсендіргеннен кейін термометр температураны өлшей алмайды. “Қосу/Өлшеу” батырмасын басқан кезде термометр өлшеу режиміне ауыспайды.



9. ЖАД ФУНКЦИЯСЫ

Жадтан шақыру:

Сіз өзіңіздің дәрігеріңізге немесе білікті медицина қызметкеріне көрсету үшін соңғы 32 өлшеу нәтижесін жадтан шақыра аласыз.

1. Аспап қосылған кезде «Мәзір/Жад» батырмасын басыңыз. Жад батырмасы дисплейде «М» таңбасымен бірге соңғы өлшемді көрсетеді.
2. Соңғы 32 өлшеу нәтижесін көру үшін «+» немесе «-» басыңыз.
3. Жад функциясынан шығыс және температураны өлшеу режиміне өту үшін «Қосу/Өлшеу» батырмасын басыңыз.


10. АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

	Себеп	Мәселені шешу
	Өлшенген температура төмен. 1. Егер термометр адам денесінің температурасын өлшеу режимінде болса, 32,0°C (89,6°F). 2. Егер термометр заттың температурасын өлшеу режимінде болса, 0 °C (32.0 °F)	Термометрді тек белгіленген температура ауқымында қолданыңыз. Қажет болса, датчиктің ұштығын тазалаңыз. Қате туралы хабарлама қайта пайда болған кезде сервис орталығына хабарласыңыз.
	Өлшенген температура жоғары. 1. Егер термометр адам денесінің температурасын өлшеу режимінде болса, 42°C (107.6°F). 2. Егер термометр заттың температурасын өлшеу режимінде болса, 110 °C (230.0 °F).	
	Қоршаған орта температурасы 16 °C ~ 40 °C (60,8 °F-тан 104 °F-қа дейін) ауқымынан тыс.	Термометрді ауа температурасы 16 °C-тан 40 °C-қа дейінгі бөлмелерде ғана қолданыңыз. (60,8 °F-тан 104 °F-қа дейін).

11. КҮТУ МЕН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Өлшеу датчигі

Спиртке малынған тампонмен абайлап тазалаңыз. Линзаны тазалау үшін суды қолданбаңыз.



Термометрдің корпусы

Жұмсақ, құрғақ матамен тазалаңыз. Аспапты тазалау үшін суды қолданбаңыз.



12. ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР ЖӘНЕ ЖИЫНТЫҚТЫЛАУ

Өлшемдері	93 x 41 x 153 мм
Салмағы	95 г (батареяларсыз)
Өлшенетін температура ауқымы	
Дене температурасы	32°C~42°C (89,6°F - 107.6°F)

Заттың температурасы	0°C~110°C (42°F - 230°F)
Өлшеу қателігі	
Дене температурасы	32°C~42°C : ± 0,2°C (89,6°F~107,6°F : ± 6,76 °F)
Заттың температурасы	0°C~110°C : ± 1°C (32 F ~ 230°F: ±8 °F)
Ажыратымдылығы	0,1°C
Пайдалану шарттары	16°C бастап 40°C дейін (60,8°F бастап 104°F дейін) (85% көп емес салыстырмалы ауа ылғалдылығында)
Сақтау температурасы	- 25°C бастап 55°C дейін (-13°F бастап 131°F дейін) (85% көп емес салыстырмалы ауа ылғалдылығында)
Жады көлемі	32 өлшем
Батарея	AA түріндегі 1,5 В 2 батарея

ЖИЫНТЫҚТЫЛАУ

- Медициналық электрондық инфрақызыл термометр;
- Қуат беру элементтері: AA түріндегі 1,5 В 2 батарея;
- Сөмке-тысқап;
- Пайдалану жөніндегі нұсқаулық;
- Кепілдік талоны.

13. САЛЫСТЫРЫП ТЕКСЕРУЛЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Медициналық электрондық термометрлерді тексеру МИ 3556-2016 «ӨБҚМЖ (Өлшем біртұтастығын қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі). Медициналық сандық түйіспелік термометрлер. Тексеру әдістемесі» «ОФЗЖФЗИ» ФМУК бекіткен құжат бойынша жүргізіледі. Салыстырып тексеру аралығы: 2 жыл. Типті бекіту таңбасы пайдалану нұсқаулығының негізгі бетіне типографиялық тәсілмен жағылады. Бастапқы салыстырып тексеру туралы мәліметтерді www.bwell-swiss.ru немесе www.alpha-medica.ru сайтында аспаптың атауы, үлгісі және сериялық нөмірі бойынша таба аласыз.

14. СТАНДАРТТАРҒА СӘЙКЕСТІК

Аспаптың жоғары сапасы құжат негізінде расталған.

- 15.05.2019 ж. № РЗН 2013/1078 тіркеу куәлігі.
- Техникалық реттеу және метрология федералды агенттігінің өлшеу құралдарының түрін бекіту туралы куәлігі.
- Сәйкестік туралы декларациялар.

Қолданылатын стандарттар:

1. EN ISO 13485:2016
2. ЕО 93/42/ЕЕС директивасы

15. САҚТАУ

Сақтау температурасы -25°C бастап +55°C дейін (–13°F бастап 131°F дейін)

Салыстырмалы ылғалдылық 85% артық емес.

Құлаулардан және қатты соққылардан сақтаңыз.

Күн сәулесінің тікелей әсерінен сақтаңыз.

16. КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

Аспапты қабылданған нормаларға сәйкес кәдеге жарату және тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамау керек. Аспапты кәдеге жарату үшін Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес берілген кәдеге жаратуға арналған рұқсаты бар мамандандырылған ұйымдарға хабарласу қажет.

17. ТАҢБАЛАРДЫҢ БЕЛГІЛЕНУІ

	Пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа жүгініңіз
	BF түріндегі бұйым
	Тұрмыстық қоқыспен бірге тастамаңыз
	Өндіруші
	Үлгісі
	Сериялық нөмірі
	Өлшеу құралының түрін бекіту белгісі
	Кеден одағына мүше мемлекеттердің нарығындағы өнімнің бірыңғай айналым белгісі
	ҚОЛДАНУ: қолдану температурасы бойынша шектеу
	САҚТАУ: сақтау температурасы бойынша шектеу
	СӘЙКЕСТІК БЕЛГІСІ. ӨНІМГЕ СӘЙКЕСТІК ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯ РӘСІМДЕЛГЕН
	CE сертификаттау

18. КЕПІЛДІК

Дайындаушы 10 жыл бойы бұйымға тегін сервистік қызмет көрсетуді* және аспапты сатып алған күннен бастап 24 ай бойы кепілдікті міндеттемелерді қамтамасыз етеді. Кепілдік мерзімі бойы өндірістік ақау анықталған кезде жарамсыз аспап жөнделеді, ал жөндеу мүмкін болмаса — тегін ауыстырылады. Кепілдікті міндеттемелер толықтай толтырылған кепілдік талоны болса ғана және сауда кәсіпорнының мөрі немесе техникалық қызмет көрсету мөрі болған кезде жарамды. Кепілдік және тегін сервистік қызмет көрсету аспаптың корпусында механикалық әсер ету іздері, жапырылған жерлер, сызаттар, жарықтар және т.б., корпусы ашу іздері, авторизацияланған техникалық қызмет көрсету орталығынан тыс жөндеу әрекеттерінің іздері, корпусының ішіне ылғалдың енуі немесе агрессивті құралдардың әсер ету іздері бар болса, сондай-ақ тұтынушы пайдалану нұсқаулығында баяндалған ережелермен көзделген аспапты сақтау, тасымалдау және техникалық пайдалану ережелерін бұзған басқа жағдайларда жүргізілмейді. Кепілдік батареяларға және аспаптың қаптамасына таралмайды. B.Well аспаптарының қызмет мерзімі кемінде 10 жыл болып белгіленген. B.Well өнімінің жоғары сапасын ескере отырып, аспаптардың нақты қызмет мерзімі ресми мерзімнен айтарлықтай артық болуы мүмкін. B.Well компаниясының саясаты өнімді үнемі жетілдіруді көздейді. Осыған байланысты компания алдын ала ескертусіз және өндірістік талаптарға сәйкес өнімге толық немесе ішінара өзгерістер енгізуге құқылы. Аспаптың өндірілген күні аспапта орналасқан сериялық нөмірде көрсетілген. Алғашқы екі сан өндірілген жылды, келесі екі сан - өндірілген айды білдіреді.

Осы кепілдік шеңберінде де және ақылы да техникалық қызмет көрсету туралы ақпаратты авторизацияланған сервистік-кеңес беру орнынан немесе Ресей бойынша 8-800-200-33-22 тегін жедел желі телефоны арқылы, www.bwell-swiss.ru немесе www.alpha-medica.ru сайтынан алуға болады.

IM_WF-4000_RU_2319


19. КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ

Сериялық нөмірі:

Сатылған күні:

Сатушының қолы:

Сатушы фирманың мөрі:



М.О.

WF сериялы WF-4000 үлгісінің медициналық электрондық инфрақызыл термометрі

Өндіруші:

Би.Велл Свисс АГ,
Банхофштрассе 24, 9443 Виднау, Швейцария

Өндіріс орны:

Дунгуань СИМЗО Электроник Текнолоджи Ко., Лтд.
№ 81, Тяньсинь Стрит, Юнкоу, Шицзе Таун, Дунгуань Сити, Гуандун Провинс, 523290, Қытай

Қытайда жасалған
www.bwell-swiss.ru

B.Well 
С заботой о каждом